

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 16-II

Ташкентте 1998 жылғы 31 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық туралы Келісім

(2004 жылғы 8 желтоқсанда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі, тату көршілік қарым-қатынасты, оның ішінде кеден ісі саласындағы ынтымақтастық арқылы да дамытуды тілей отырып, кеден қызметтерінің ынтымақтастығы жолымен Тараптар мемлекеттері арасындағы жолаушылар және жүк қатынасын дамытуға және жеделдетуге ұмтыла отырып, кеден заңдарын сақтау және кедендік құқық бұзушылықтарға қарсы күрес Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің ынтымақтастығы кезінде неғұрлым табысты жүзеге асырылатындығын назарға ала отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаты үшін қолданылатын терминдер мыналарды білдіреді:

"кеден заңдары" - Тараптар мемлекеттерінің тауарларды, жолаушылардың қол жүгі мен багаждарын, валюталық және басқа да құндылықтарды әкелудің, әкетудің және олардың транзитінің, халықаралық почта жөнелтілімдерінің, кеден баждарының, алымдар мен басқа да төлемдердің, кеден төлемдері бойынша жеңілдіктер ұсынудың, тыйым салулар мен шектеулер белгілеудің, сондай-ақ Тараптар елдерінің кеден шекаралары арқылы тауарлар өткізуге бақылау жасаудың тәртібін реттейтін құқықтық

н о р м а л а р ы н ы ң

ж и ы н т ы ғ ы ;

"кеден қызметі" - Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдары;

"кедендік құқық бұзушылық" - кеден заңдарын бұзу немесе бұзуға әрекет жасау;

"тұлға" - жеке және заңды тұлға;

"есірткі құралдары" - БҰҰ кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы Бірыңғай конвенцияның тізіміне кіргізген заттар ;

"психотропты заттар" - БҰҰ кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияның тізіміне кіргізген заттар;

"прекурсорлар" - халықаралық конвенцияларда есірткі құралдары мен психотропты заттарды өндіру үшін пайдаланылатын химиялық материалдар ретінде жіктелетін заттар мен олардың тұздары ;

"бақыланатын беру" - оған сәйкес Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумақтары бойынша есірткі құралдары мен психотропты заттардың заңсыз айналымына қатысты тұлғаларды анықтау мақсатында құзыретті органдардың рұқсатымен және бақылауымен заңсыз немесе заңсыз деп күдік білдірілген есірткі құралдарын, психотропты заттарды әкелуге, әкетуге немесе транзиттеуге жол берілетін әдіс;

"куәлік" - тауарды кедендік ресімдеу жүргізілген елдің заңдарына сәйкес тауардың іс жүзінде ресімделуін растайтын ресми құжат.

2-бап

Келісімнің қолданылу аясы

Тараптар осы Келісімнің негізінде кеден қызметтері арқылы олардың құзыретінің шеңберінде Тараптар мемлекеттерінің заңдарын сақтау үшін:

- а) Тараптар мемлекеттерінің арасындағы жолаушылар және жүк қатынасына, сондай-ақ халықаралық почта жөнелтілімдеріне кедендік бақылауды жетілдіру;
- б) кеден баждарын, алымдары мен басқа да төлемдерді дұрыс алуды қамтамасыз ету , сондай-ақ кедендік жеңілдіктерді қолдану;
- в) кедендік құқық бұзушылықтарды болдырмау, тексеру және жолын кесу;
- г) екі мемлекеттің арасындағы кедендік ресімдеу рәсімдерін оңайлату салаларында ынтымақтасатын болады.

3-бап

Кедендік ресімдеулерді оңайлату

1 . К е д е н қ ы з м е т т е р і :

- а) өзара келісім бойынша кедендік ресімдеуді оңайлату жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а й д ы ;

- б) бір-бірінің кедендік қамтамасыз етуін (пломбылар, мөрлердің, мөртаңбалардың

таңбалары) және кеден құжаттарын таниды, ал қажет болған жағдайда өткізілетін тауарларға өз кедендік қамтамасыз етуін пайдаланады.

2. Тараптар мемлекеттерінің арасындағы кедендік шекара арқылы өткізілетін, оның ішінде транзитпен, бара жатқан тауарлар мен көлік құралдары, жолаушылардың багаждары және халықаралық почта жөнелтілімдері оларды әкелу, әкету және транзиттеу Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес тыйым салынған не кедендік құқық бұзушылық орын алған деп ұйғаруға негіздеме болған жағдайларды қоспағанда кедендік тексеруден босатылады.

4-бап

Куәліктер беру

1. Кеден қызметтері бір-біріне сұрау салу бойынша бір Тараптың аумағына әкелінген немесе одан әкетілген тауарлардың екінші тараптың аумағына заңды негізде әкелінгендігін немесе әкетілгендігін растайтын куәлік береді. Куәліктерде оған сәйкес тауарлар ресімделетін кедендік рәсімдердің түрлері мен нәтижелері көрсетіледі.

2. Кеден қызметтері бір-біріне сұрау салу бойынша өздеріне бағынысты кеден органдары берген куәліктер немесе басқа да құжаттар түп-нұсқа болып табылатындығы және барлық қажетті деректерді қамтитындығы туралы мәлімет береді.

5-бап

Есірткі құралдары мен психотропты заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес

1. Кеден қызметтері есірткілік құралдардың, психотропты заттардың, олардың баламалары мен прекурсорларының заңсыз айналымын болдырмау, тексеру және жолын кесу жөніндегі іс-әрекеттерді жандандыру мақсатында алдын ала сұрау салмастан және мүмкіндігінше қысқа мерзімде Тараптар мемлекеттері заңдарының ш е г і н д е б і р - б і р і н е :

а) олардың есірткі құралдарының, психотропты заттардың, олардың баламалары мен прекурсорларының заңсыз айналымымен шұғылданатындығы туралы мәлім немесе осы туралы сезік білдірілген адамдар туралы;

б) контейнерлер мен халықаралық почта жөнелтілімдерін қоса алғанда олардың есірткі құралдарының, психотропты заттардың, олардың баламалары мен прекурсорларының заңсыз айналымы үшін пайдаланылатындығы мәлім көлік құралдары туралы, сондай-ақ оларға бақылау жасаудың жаңа әдістері туралы бір-біріне м ә л і м е т т е р х а б а р л а й д ы .

2. Кеден қызметтері алдын ала сұрау салмастан бір-біріне есірткі құралдарының, психотропты заттардың, олардың баламалары мен прекурсорларының заңсыз

айналымының қолданылып жүрген тәсілдері туралы, сондай-ақ оларға бақылау жасаудың жаңа әдістері туралы хабарлайды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес Тараптардың кез келгенінен алынған мәлімет, хабарлама және құжаттар құқық қорғау және нашақорлық пен есірткі құралдарының, психотропты заттардың, олардың баламалары мен прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күреспен айналысатын басқа да мемлекеттік органдарға б е р і л е а л а д ы .

4. Кеден қызметтері Тараптар мемлекеттері заңдарының негізінде және өзара келісім бойынша қажет болған жағдайда олардың заңсыз айналымына қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында есірткі құралдарын, психотропты заттарды, олардың баламалары мен прекурсорларын бақыланатын беру әдісін қолданады.

Бақыланатын беру әдістерін пайдалану туралы шешімді Тараптар жекелеме түрде әрбір нақты жағдайда қолданады және қажет болған жағдайда Тараптардың қаржылық уағдаластықтарын ескереді.

6-бап

Мәліметтер беру

1. Кеден қызметтері бір-біріне сұрау салу бойынша өздерінің биліктеріндегі:

а) кеден баждарын, алымдарды және басқа да төлемдерді алуға, сондай-ақ кеден жеңілдіктерін пайдалануға байланысты жағдайлар туралы;

б) сұрау салынған Тарап мемлекетінің кеден заңына қайшы келетін жасалған немесе дайындалып жатқан іс-әрекеттер туралы мәліметтерді, оның ішінде хабарламаларды, хаттамаларды және өзге де материалдарды немесе олардың расталған көшірмелерін ж і б е р у ж о л ы м е н б е р е д і .

2. Кеден қызметтері мүмкіндігінше қысқа мерзімде бір-біріне, оның ішінде алдын-ала сұрау салусыз оған қарсы күресте Тараптардың айрықша мүддесі бар мүмкін болатын кедендік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді хабарлайды. Бұл бірінші к е з е к т е :

а) қоршаған орта мен халықтың денсаулығы үшін қауіп төндіруі мүмкін тауарларды ;

б) қару-жарақты, оқ-дәрілерді, жарылғыш және улы заттарды, жару құралдарын;

в) айтарлықтай тарихи, көркем, мәдени және археологиялық құндылығы бар з а т т а р д ы ;

г) айрықша маңызы бар және Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес жоғары кеден баждарын, акциздерін және басқа да салықтар салуға жататын тауарларды;

д) айрықша маңызы бар және тараптар мемлекеттерінің Заңдарына сәйкес экономикалық саясат шараларына қатысты тауарларды өткізу кезіндегі кедендік құқық бұзушылыққа қатысты.

7-бап

Құжаттарды беру

1. Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері кеден мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген заң және өзге де нормативтік актілердің көшірмелерін өзара алмасады және бір-біріне кеден заңдарына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы кешіктірмей хабарлайды.

2. Бір Тарап мемлекетінің кеден қызметі екінші Тарап мемлекеті кеден қызметінің сұрау салуы бойынша өз мемлекеті әкімшілік органдарының кеден заңдарын қолдану мәселесі жөніндегі шешімдерінің көшірмесін береді.

3. Құжаттарды беру туралы сұрау салуларды осы Келісімнің 11-бабының 2-тармағының "д" тармақшасында көзделген талаптан басқа осы бапқа сәйкес істің мәні ж а з ы л м а у ы м ү м к і н .

4. Құжаттарды алғандығын оны сұрау салған кеден қызметі алған күнін көрсете отырып растайды.

8-бап

Тәжірибе алмасу және көмектер көрсету

1. К е д е н қ ы з м е т т е р і :

а) өзінің қызметі мен бақылауының техникалық құралдарын қолдану тәжірибесі т у р а л ы ;

б) кедендік құқық бұзушылықтарды жасаудың жаңа тәсілдері мен құралдары т у р а л ы ;

в) екі тарап үшін өзара мүдделілікті білдіретін басқа да кедендік мәселелер б о й ы н ш а а қ п а р а т т а р а л м а с а д ы .

2. К е д е н қ ы з м е т т е р і б і р - б і р і н е :

а) өзара мүддені білдіретін жағдайларда, сондай-ақ кеден қызметтері пайдаланатын техникалық құралдармен танысу мақсатында қызметкерлер алмасуды;

б) қызметкерлерді арнаулы машыққа үйретуді және оны жетілдіруді;

в) кеден мәселелері бойынша сарапшылар алмасуды;

г) кеден мәселелеріне қатысты кәсіби, ғылыми және техникалық мәліметтер алмасуды қоса алғанда, кеден ісі саласында көмек көрсетеді.

9-бап

Тексеру

1. Бір Тарап мемлекеті кеден қызметінің сұрауы бойынша екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметі осы Келісімнің 2-бабының "б" және "в" тармақтарында көзделген мәселелер бойынша тексеріс немесе тексеру жүргізеді. Тексерістің немесе

тексерулердің нәтижелері осы Келісімнің 6-бабының 1-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес сұрау салған кеден қызметіне хабарланады.

2. Тексеріс немесе тексеру сұрау салған Тарап мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі. Сұрау салынған кеден қызметі өз атынан іс-әрекет ете отырып тексеріс немесе тексеру жүргізеді.

3. Сұрау салынған кеден қызметі сұрау салушы кеден қызметінің лауазымды тұлғаларына мұндай тексерістер немесе тексерулер кезінде қатысуға рұқсат ете алады.

4. Бір Тарап мемлекетінің лауазымды тұлғасының осы Келісімде көзделген жағдайларда екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезеңде өзінің ресми өкілеттігінің құжаттық растауы болуы және нысанды киім кимеуі және қаруы болмауы тиіс.

10-бап

Сарапшылар мен куәлар

1. Егер бір Тарап мемлекетінің сот немесе әкімшілік органдары қаралатын кедендік құқық бұзушылықтарға байланысты тиісті сұрау салған жағдайда екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметі өзінің қызметкерлерін мұндай сот немесе әкімшілік байыптауларда куәлар немесе сарапшылар ретінде қатысуға уәкілеттендіре алады. Бұл қызметкерлер өздері қызметтік міндеттерін атқарған уақытта анықталған фактілер бойынша айғақ немесе қорытынды береді. Сот немесе әкімшілік байыптауға қатысу туралы сұрау салуда сұрау салынған кеден қызметінің қызметкері қандай іс бойынша және кім ретінде қатысуы тиіс екендігі көрсетілуі қажет.

2. Куәлар мен сарапшыларды шақырудың тәртібі Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы 1997 жылғы 2 маусымдағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөнінде құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы шартпен реттеледі.

11-бап

Сұрау салулардың нысаны мен мазмұны

1. Осы Келісімнің 9-бабының 1-тармағында көзделген сұрау салу жазбаша нысанда жолданады және сұрау салушы Тарап мемлекетінің ресми тілінде, орыс тілінде не екінші Тарап мемлекетінің кеден қызметі үшін қолданылатын өзге тілде жазылады. Сұрау салуды орындау үшін қажетті құжаттар ресми расталған көшірмеде немесе фотокошірмеде қоса берілуі тиіс.

2. Сұрау мынадай деректерді:

а) мүддесі сұрау салудың негізіне алынған кеден органының атауын;

б) сұрау салудың мәні мен себебін;

в) рәсімнің түрін;

- г) тегі, мекен-жайы және рәсімге қатысушылар туралы басқа да деректерді;
д) істің мәні мен оның заңдық біліктілігінің қысқаша сипаттамасын қамтуы тиіс.

12-бап

Сұрау салуларды орындау

1. Кеден қызметкерлері бір-бірінен Тараптар мемлекеттерінің заңдарына сәйкес және өздерінің құзыреттерінің шегінде сұрау салуларды орындауда жәрдем көрсетеді.
2. Сұрау салуды орындаудан, егер оны орындау сұрау салынатын Тарап мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне залал келтіретін болса, не халықаралық міндеттемелеріне немесе заңдарына қайшы келетін болса, бас тартылады.
3. Сұрау салуды орындаудан бас тарту туралы, сондай-ақ бас тартудың себептері туралы сұрау салушы кеден қызметі жазбаша нысанда дереу хабарландырылады.

13-бап

Құжаттар

1. Сұрау салу бойынша түпнұсқа құжаттарды беру ресми расталған көшірмелер немесе фотокошірмелер жеткіліксіз болған жағдайларда жүзеге асырылады.
2. Түпнұсқа құжаттар сұрау салынған кеден қызметіне мүмкіндігінше қысқа мерзімде қайтарылуы тиіс.
3. Осы баптың ережелері қолданылуы кезінде сұрау салынатын Тарап мемлекетінің немесе осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келмеуі тиіс.

14-бап

Алынған мәліметтер мен құжаттарды пайдалану

1. Кеден қызметтері тексерістер немесе тексерулер жүргізу кезінде осы Келісімге сәйкес алынған мәліметтер мен құжаттарды дәлелдер ретінде өздерінің хаттамаларында, хабарламаларында немесе өзге де материалдарында, кедендік құқық бұзушылықтарды қарауға байланысты сот немесе әкімшілік байыптауларда пайдалана алады. Бұл мәліметтерді сот немесе әкімшілік байыптауларда бағалау сұрау салушы Тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес айқындалады.
2. Сұрау салу бойынша берілген мәліметтер, хабарламалар және құжаттар тек осы Келісімді орындау мақсатында ғана пайдаланылады және оларды берген кеден қызметінің жазбаша келісімінсіз кімге де болмасын берілуіне, өзге мақсаттар үшін пайдаланыла және жария етіліне алмайды.
3. Осы баптың 2-тармағының ережесі есірткі құралдарының, психотропты заттардың, олардың баламалары мен прекурсорлардың заңсыз пайдаланылуына

байланысты жолсыздықтар туралы материалдарды қозғамайды. Мұндай ақпарат есірткі құралдарының, психотропты заттардың, олардың ұқсас нәрселері мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күреспен тікелей айналысушы мемлекеттік органдарға беріле алады.

15-бап

Шығыстарды өтеу

1. Сұрау салушы кеден қызметі сұрау салынатын кеден қызметіне сұрау салынатын кеден қызметінде жұмыс істемейтін сарапшылар мен аудармашылардың еңбегіне ақы төлеуге байланысты осы Келісімді орындау ретімен орын алған шығыстарды өтейді.

2. Осы Келісімнің 8-бабының ережелерін орындауға байланысты шығыстарды өтеу Тараптар мемлекеттері кеден қызметкерлерінің арасында бөлек уағдаластықтардың нысанасы болуы мүмкін.

16-бап

Өзгерістер мен толықтыруларды енгізудің тәртібі

Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар бөлек хаттамалармен ресімделеді, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және осы Келісімнің 20-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

17-бап

Келісімді орындау

1. Осы Келісімде көзделген кез келген ынтымақтасты кеден қызметтерінің арасында ті к е л е й жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Кеден қызметтері өз құзыретінің шеңберінде осы Келісімді орындау үшін қажетті н о р м а т и в т і к а к т і л е р ш ы ғ а р а д ы .

3. Осы Келісімді орындау үшін Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметкерлері екі жақты кеден қатынастарының мәселелері бойынша бөлек келісімдер жасай алады.

18-бап

Даулы мәселелерді шешу

Тараптардың арасында осы Келісімнің ережелері орындауға және қолдануға байланысты туындайтын барлық даулы мәселелер келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

19-бап

Жекелеген ережелер

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылданған міндеттемелерін қозғамайды.

20-бап

Қорытынды ережелер

Осы Келісім Тараптардың екі Тараптың заңдарында көзделген қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бір Тараптың екінші Тараптан оның осы Келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін қолданылады.

Ташкент қаласында 1998 жылғы 31 қазанда қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де барлық мәтіннің күші теңдей болып табылады.

Қазақстан Республикасының	Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

О қ ы ғ а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Икебаева Ә.Ж.